

- 3 Казахстан в Великой Отечественной войне: библиографический указатель. Алматы: «Библиокітап», 2010. 237 с.
- 4 Эксклюзивное интервью президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева Межгосударственной телерадиокомпании «Мир». 2020. 1 мая. – URL: <https://mir24.tv/articles/16408307/ekslyuzivnoe-intervyu-prezidenta-kazahstana-kasym-zhomarta-tokaeva-mezhgosudarstvennoi-teleradiokompanii-mir>
- 5 Программа Международной научно-практической конференции «Великая победа: общий боевой и трудовой подвиг народов СНГ. Посвящается 65-летию Победы в Великой Отечественной войне. 10 апреля 2010 года. Астана: Казахстанский филиал МГУ им. М.В. Ломоносова, 2010. 4 с.
- 6 Селиверстов С.В. Страны СНГ как победители в Великой Отечественной войне XX века // Личный архив С.В. Селиверстова [Астана, 2010]. Л. 1–5.
- 7 Крупякова Н. Общий подвиг боевой // Казахстанская правда. 2010. 13 апреля.
- 8 Воротной И. В СНГ должны появиться города трудовой славы // Известия-Казахстан. 2010. 13 апреля.
- 9 Рафкат И. Память о Победе – общественный проект // Республика. 2010. 13 апреля.
- 10 Совет глав государств СНГ учредил почетное звание «Город трудовой славы. 1941–1945 гг.». – URL: <https://e-cis.info/news/564/121740/>
- 11 В странах СНГ могут появиться города трудовой доблести. 2020. 7 июля. – URL: <https://iacis.ru/novosti/parlament/>

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ МОҢҒОЛИЯ: ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ ГЕНЕРАЛЫ, ҰШҚЫШ М.ЗАЙСАНОВ

Сердхан А., т.ғ.м, аға оқытушы
Стамбулов С.Б., PhD, қауымдастырылған профессор
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды, Қазақстан
aserdkhan@mail.ru, serstam@mail.ru

Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихында, соның ішінде Азия елдерінің тағдырында өшпес із қалдырды. Олардың арасында КСРО-ны неміс фашизміне қарсы күресте моральдық және материалдық жағынан қолдаған және Кеңес Одағы жағында Жапониямен соғысқа кірген Моңғолия елі де ерекше орын алады. Содан бері көп уақыт өтсе де, осы мәселе бойынша көптеген ондаған монографиялар мен мақалалар жазылғанына қарамастан, бұл тақырып әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Сондай-ақ, қазіргі кезеңдегі зерттеушілер Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Моңғолия тарихының жаңа қырларын ашып, осы уақытқа дейін қалыптасқан кейбір қағидалар мен тұжырымдарды ғылыми ортада пікірталас объектісіне айналдырумен келеді. Соның ішінде қазақтар мекен еткен Монғолияның Баян-Өлгей аймағының халқы Генерал М.Зайсановты ерекше мақтанышпен қадір тұтады. Сталиннің қолынан жеке марапат алып, шет жерде жүрсе де ерлігімен және батырлығымен аты шыққан, Монғолия мемлекетіндегі тұңғыш қазақ генерал-майоры, ұшқыш Мүдәріс Зайсановтың тағдыры да ерекше.

Қызыл Армия 1945 жылы 9 мамыр күні неміс фашистерін тізе бүктіргеннен кейін, сол жылғы тамыз айының 9-ы күні Жапонияға қарсы соғыс ашып, аз ғана уақыт ішінде Квантун армиясының құрлықтағы және теңіздегі қарулы күштерін толық талқандауына байланысты КСРО Қарулы Күштерінің Бас қолбасшысы И.В. Сталин 1945 жылы 25 тамыз күні төтенше № 372 бұйрық шығарып, майданда ерлік көрсеткен майдан қолбасшыларын, офицерлерді марапаттаған екен [1].

Сталиннің ерлігімен марапаттау тізіміне ілінгендер арасында жалғыз қазақ, моңғолиялық генерал Мүдәріс Зайсановтың аты аталады [2]. Өйткені бұл азамат Жапонияға

қарсы кеңес-моңғол әскерлерінің біріккен майданында Моңғолия Әуе күштерінің бас қолбасшысы ретінде қатысқаны белгілі.

Моңғолия қазақтары оны Жайсанап десе, моңғолдар Мотрос Зайсанов деп атап кеткен. Мүдәрістің әкесі қазақ, шешесі татар ұлтынан, азан шақырып қойған өзінің есімі - Қамза. Зерттеушілер Мүдәріс, Шығыс Қазақстанның Зайсан өңірінде дүниеге келген болуы керек деп болжайды. Моңғолиялық Шынай Рахметұлының айтуынша, азамат соғысы жылдарында Мүдәрістің әкесі қудаланып, он жасқа іліне қоймаған баласын Батыс Моңғолиядағы қазақ ауылдарының біріне аманаттап жібереді де, өзі із-түзсіз жоғалып кетеді [3].

Көшкен елмен ілесіп жеткен жетім ұлды Керейдің шеруші руының басшыларының бірі болған ақсақал Әуке бауырына басып, баласы етіп алады. Кейін атасы болған Әуке қайтыс болып, ру басшыларының бірі Райысхан Әукеұлы Мүдәрісті бауырына басып, өз баласы ретінде тәрбиелейді. Бала тәрбиесімен көбінесе оның «анасы» Анар айналысып, 1928 жылы осы өлкеде ашылған тұңғыш қазақ мектебіне беріп, хат танытады [4].

1929 жылы Кеңес Одағынан келген ағартушы Абай Қасымов, Шәріп Өтеповтардың ұйымдастырған іс-қызметіне белсене араласып, өлке қазақтары арасында төңкерісшіл жастар ұйымын ұйымдастыруға қатысады. Осы кезде ол Қобда қаласындағы мал дәрігерлері курсына оқиды.

1930 жылы біржылдық курсты ойдағыдай бітірген Зайсанов елге қайтпай, Мәскеуге Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетіне (КУТВ) дайындық бөліміне қабылданады. Мұнда коммунистік партия тарихы, орыс тілі, математика қатарлы күрделі пәндер оқытылатын. Бұл жағдай бұған дейін ешқандай оқу-тоқу көрмеген Зайсановқа оңай болмаған тәрізді. Сөйтіп, 1931 жылы КУТВ-тың дайындық бөлімін бітірген Зайсанов Тамбов қаласындағы атты әскер училищесіне оқуға аттанады. Одан соң Орынбордағы жоғары әскери-әуе училищесіне оқуға түсіп, аталған оқу орнын лейтенант шенінде бітіріп шығады. Тағы бір айта кетерлік жағдай, 1934 жылы атты әскер училищесін ойдағыдай тәмамдаған Зайсанов Мүдәріске Моңғол үкіметі Орынбор қаласындағы ұшқыштар даярлайтын училищеге оқуға келген моңғол жігіттеріне аудармашы-ұстаз болу міндетін жүктейді. Бір қызығы, алғыр жігіт аудармашы-ұстаз болып жүріп-ақ әскери ұшқыш мамандығын игеріп алады. Бұл мектепті 1937 жылы бітірген Зайсановты ұшқыштар училищесінің комиссары И.Д. Кобякин шақырып алып: «Сіздің ұшу тәсілін игерудегі шеберлігіңіз бен орыс тілін еркін меңгеруіңіз біз үшін аса маңызды. Сондықтан туысқан моңғол мамандарын даярлау ісіне қажет боласыз» - деп училищеге үйретуші-ұшқыш ретінде жұмысқа қабылдап, Қызыл Армияның лейтенанты шенін бергізеді. Зайсановпен бірге ұшқыштар мектебін бітірген: Гомбожав, Г. Жигжид, С. Лхамсүрэн, М. Осор, Л. Чогсамжав т.б. ұшқыштар еліне қайтады [1].

1939 жылы Моңғолия шекарасына Қытай гоминданшылары ғана емес, жапон милитаристері де көз сүзе қараған аса күрделі кезең еді. Мектепті үздік бітіріп, әскери әуе күшінің техникаларын жетік меңгерген Мүдәрісті кері шақырып, Моңғол халық армиясының басшылығы жоғары бағалай отырып, оны капитан шенді эскадрилья басшысы етіп тағайындайды, ал бірер айдан кейін тіпті полковник дәрежесіндегі Моңғолия әскери-әуе күшінің командирі етіп көтереді. Кешікпей 1939 жылдың мамыр айының 11 күні Халхын-Гол майданы басталады. Майданға Моңғолия әуе күштеріне қосбасшылық жасаған Зайсановқа Моңғол Халық Республикасының тәуелсіздік алғанына 18 жыл толуына орай 1939 жылдың 11 шілде күні «бригада командирі» атағы беріледі. Нәтижесінде, бригада командирі Зайсановқа мемлекеттің шығыс шекарасына қауіп төндіріп тұрған Жапония милитаристеріне соққы беру тапсырмасы беріледі. Осы бір ауыр міндетті орындау барысында оған кеңестік тәжірибелі әскери ұшқыштар Шорков, Комендатов, Курбатов, Семенов, Виноградов тағы басқалар көмекке келеді. Тарихта «Халхын-Гол майданы» деген атпен белгілі бұл майданда тұңғыш рет Зайсанов жауға қарсы түнгі әуе шабуылын ұйымдастырып, Халхын-Гол өзені жағасында жапон милитаристеріне қарсы болған ұрыста

тоғыз ұшақты өзі бастап, екі сағатта 300 шақырымға жуық ұшып, қарсыластың негізгі күшіне ойсырата соққы береді.

Айта кетерлігі, соғысқа Моңғолияның ішкергі өлкелерінде қызмет жасайтын Баян-Өлгей аймағының тумалары бірнеше қазақ қатысып, түгелдей ерлік көрсетіп, қазақ халқының батырлығын бір дәлелдеген. Бұлардың ішінен халық армиясының 1-ші дивизиясы 2-ші полкінде взвод командирі Ікей Мәзімұлы «Моңғолдың Халық Батыры» атағымен, ұшқыш Мүдәріс Зайсанов алғашқы генерал атанып, танкист Тана, капитан Баймолдалар да ерліктері үшін марапатталған [5].

Халхын-Гол шайқасына қатысқан моңғолиялық ардагер ұшқыштың естелігінде, түнгі шайқасқа әзірлік аяқталғаннан кейін полк майдан антын көтерді. Барлығымыздың атымыздан Әуе күштерінің бас қолбасшы Зайсанов: «Жау жағадан алған қазіргідей қиын кезде Отан алдында ант береміз. Моңғол Халық Республикасының тәуелсіздігін, бір уыс топырағы мен бір ұрттам суын қасық қанымыз қалғанша қорғаймыз. Моңғол Халық Армиясының жауынгері ретінде, қару-жарағым мен қасымдағы жауынгер жолдастарымды жауыз жаудың оғынан қорғаймын!» - деп күңірене оқыды. Қолбасшымен бірге полк командирі З.Бор, комиссар Т.Шагдарсүрэн, штаб бастығы А.Дагваа, партия ұйымының бастығы Г.Бямбажавтар да ант берді. Ант беру рәсімі аяқталған соң, Зайсанов Мүдәріс сөз сөйлеп, көпшілікке соғыс жағдайын мәлімдеп, күллі құрылымды қатаң тәртіпке шақырды. Ант берген күннің түнінде шабуылға кірістік. Ең әуелі барлығымыз шашымызды тақырлатып алдырып, әскери құжаттарымызды үйге қалдырдық. Матадтан Хамардаваға дейінгі 300 шақырымға 2 сағатта ұшып жеттік. Зайсанов түнгі шабуылға аттанған 9 ұшақты үш-үштен жіктеді. Бірінші топқа өзі басшылық жасады. Екінші топты орыс ұшқышы Комендатов басқарса, үшінші топты З.Бор басқарды» [6] - деп жазады.

Халхын-Гол майданы кезінде Қызыл Армия тарапынан Моңғол әуе қорғанысына И-15 маркалы жоюшы ұшақ беріледі. Бұл ұшақпен ең әуелі Зайсановтың өзі ұшып көріп, басқаларды үйреткен екен. Сондай-ақ майдан қолбасшысы Г.К. Жуков генерал Зайсановтың түнгі шабуылын қолайлы деп көріп Қызыл Армияның 57-ші корпусына «түнгі әуе шайқасына іріктелген ұшқыштарды қатыстыру» жайлы ресми хат түсіреді. Нәтижесінде, бұған дейін сан соғысты бастан кешірген кеңестік ең таңдаулы 21 ұшқыш іріктелінеді. Осылардың 11-і Кеңес Одағының Батыры атанады. Олар: А.И. Гусев, Н.С. Герасимов, С.И. Грицевец, В.В. Зверев, С.П. Денисов, И.И. Душкин, П.Т. Коробков, И.А. Лакеев, Я.В. Смуцкевич, В.И. Шевченко, Г.П. Кравченко. Мүдәріс болса, соғыс жылдары генерал (1944) шеніне дейін көтеріледі. Нақты айтқанда, «Моңғол Халық Республикасы Министрлер Кеңесінің 1944 жылы 28 сәуір күнгі 52-ші қаулысымен Зайсановқа ресми түрде әскери жоғары шен «генерал-майор» беріледі» [1]. Жеңіс салтанатында Мүдәріске де Жауынгерлік Қызыл Ту ордені беріледі (МХР). Кейіннен бұл орденді ол тағы да екі рет иеленеді, екі мәрте Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталады. Сондай-ақ, 1945 жылғы жапон милитаристеріне қарсы шайқаста көрсеткен ерлігі үшін И.В. Сталиннің арнайы бұйрығымен КСРО-ның Жауынгерлік Қызыл Ту ордені табысталған. Нәтижесінде, қазақ азаматы 1945 жылғы Квантун армиясына қарсы жорыққа генерал шенімен қатысады.

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін М.Зайсанов 1948 жылы Ю.Гагарин атындағы әуе күштері академиясына оқуға барады. 1951 жылы командалық штаб басқарудың жоғары дәрежелі дипломын алады.

1950 жылы Баян-Өлгей аймағына он жыл толып, осы мереке кезінде өлке топырағына тұңғыш рет ұшақ келіп қонады. Ұшақты тізгіндеп келген иесі - осы өлкенің төл түлегі Мүдәріс еді. Ол министрдің бірінші орынбасары Ш.Сүрэнжавпен бірге келеді. Ол кезде Зайсановтың өзі 1940 жылы шақырылған мемлекеттік 8-ші құрылтайдан бастап Кіші Хурал (парламент) мүшесі болатын. Мүдәріс Зайсанов 1967 жылы 19 қарашада қайтыс болды.

Зерттеушілердің айтуынша, М.Зайсанов өзі тұрған үйінің қабырғасына сүйеніп тұрған күйінде қайтыс болған. Генералмен қоштасу рәсімінде құрметті қарауыл сапқа тұрып, үкімет басшылары бастарын иіп, әлденеше дүркін зеңбірек атқылап, Уланбатордағы «Алтын бесік» зиратына жерленді. Ол Моңғолия Халық Армиясында 25 жыл еңбек етіп, қатардағы

жауынгерден генерал-майор дәрежесіне көтерілді. М.Зайсановтың ерлік даңқын есте сақтау үшін Монғол Халық Армиясының 60 жылдық мерей тойына орай Баян-Өлгей аймағы Ұланқұс сұмындық 11 жылдық орта мектебіне оның есімі берілді. М.Зайсанов Моңғолияның елдігін ғана емес, сонымен қоса қазақ халқының абырой-намысын қорғауда ерен ерлік жасаған тұлға екендігі сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қайратұлы Б. Сталин марапаттаған қазақ // <https://egemen.kz/article/308475-stalin-marapattaghan-qazaq>
- 2 Приказы Верховного Главнокомандующего в период Великой Отечественной войны Советского Союза. Сборник. – М.: Воениздат, 1975. – С. 514-519
- 3 Рахметұлы Ш. Генерал Зайсанов // https://military-kz.ucoz.org/publ/kazakhi_i_drugie_tjurki_v_inostrannykh_armijakh/zarubezh/general_zajsanov
- 4 Дүргінбайұлы Қ. Ұлт батыры болған ұшқыш Зайсановты білесіз бе? // <https://didar-gazeti.kz/ult-batyry-bolghan-ushqysh-zajsanovty-bilesiz-be/>
- 5 Уатханұлы Қ. Ер есімі - ел есінде! // <https://egemen.kz/article/234062-er-esimi-%E2%80%93-el-esinde!>
- 6 Даваасүрэн Б. Генерал Зайсанов. – Улан-Батор, 1984. – 34 б.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КЕҢЕС-МОҢҒОЛ ҚАТЫНАСТАРЫ

Серікова Ш.Ж., 3 курс студенті

Стамбулов С.Б., PhD, қауымдастырылған профессор

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды, Қазақстан

1921 жылғы Моңғол Халық революциясы, 1921 жылдың 5 қарашасында Моңғолия мен жас Ресей арасында достық қарым-қатынас орнату туралы келісімге қол қойылды, ол екіжақты қатынастардың негізін қалады. Екі жақты қатынастарының орнауы және олардың кейінгі оқиғалар XX ғасырдың бірқатар негізгі тарихи дамуы барысын айқындады. 1924 жылдан бастап Кеңес Одағы және Моңғол Халық Республикасы идеологиялық және саяси қарама-қарсы мемлекеттер және күштермен қоршалған «кеңестік әлемін» құрды. Мәселе идеологиялық кеңес-моңғол ынтымақтастығы туралы емес, екі мемлекеттің нақты физикалық өмір сүруі туралы болып отыр. Бұл әлемнің беріктігі 1939 жылы Халхин-Голдағы жапондық милитаристік қауіпі жағдайында, 1945 жылдың тамыз-қыркүйек айларында жапон милитаризмін жеңумен аяқталған Екінші дүниежүзілік соғыс жағдайында да дәлелденді.

Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы Моңғол Халық Республикасы (МХР) мен КСРО-ның әскери өзара қатынастарының ең айқын көрінісі шын мәнінде, Моңғолия Қиыр Шығыстағы әскери қақтығыстың орталығында болуы болып табылады. Жапон әскерлері соғыс жарияламастан, 1939 жылы 2 шілде күні МХР территориясына басып кіріп, кең майданмен шабуыл жасады. Жапондық Квантун армиясының Халхин-Голдағы жеңілісі КСРО мен МХР әскери ынтымақтастығының, олардың қарым-қатынастарының одақтастық сипатының артықшылықтарының маңыздылығын көрсетті.

30-жылдардың аяғында Моңғолия Азияда агрессивті саясат жүргізген Жапониямен қарама-қайшылықты қарым-қатынаста болды. Халхин-Голдағы оқиғалар оның мемлекеттік шекараларына жақын жерде 1,1 миллион адамнан тұратын Квантун армиясының орналасуы (Жапонияның барлық Қарулы күштерінің 35%) қауіп төндіруі Моңғолияны ішкі өмірін соғыс уақытындағы жағдайға бағыттауға мәжбүрледі. 1934 жылы 27 шілдеде жапондардың арандатуының күшеюі жағдайында Моңғолия Үкіметінің өтініші бойынша КСРО мен МХР арасында Кеңес Одағы мен Моңғолияға үшінші тарап шабуыл жасаған жағдайда өзара көмек